

Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі
2012 жылғы 9 қазан

**Бірыңғай экономикалық кеңістіктің монополияға қарсы
заңнамасын үйлестіру**

Гармонизация антимонопольного законодательства Единого экономического пространства

Құрметті депутаттар, әріптестер!

Уважаемые депутаты, коллеги!

Қазақстан Республикасы, Беларусь Республикасы және Ресей Федерациясы Президенттерінің шешімімен 2011 жылғы 18 қарашада Еуразиялық экономикалық комиссия (бұдан әрі - Комиссия) құрылды. Осы комиссия Кедендік одақты және Бірыңғай экономикалық кеңістікті реттейтін тұрақты жұмыс істейтін бірыңғай орган болып табылады.

Комиссия ұлттық органнан жоғары тұрған басқару орган мәртебесіне ие.

Решением Президентов Республики Казахстан, Республики Беларусь и Российской Федерации от 18 ноября 2011 г. создана Евразийская экономическая комиссия (далее - Комиссия), как единый постоянно действующий регулирующий орган Таможенного союза и Единого экономического пространства.

Комиссия имеет статус наднационального органа управления.

(№1слайд) Комиссия өз қызметін Еуразиялық экономикалық комиссия туралы шартта, Кедендік одақтың және Бірыңғай экономикалық кеңістіктің шарттық – құқықтық базасын қалыптастыратын халықаралық шарттарда, сондай-ақ Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің шешімдерінде көзделген, атап айтқанда:

1. интеграцияның негізгі бағыттары және макроэкономикалық саясат;

2. экономикалық және қаржылық саясат;
 3. өнеркәсіп және агроөнеркәсіптік кешен;
 4. сауда;
 5. техникалық реттеу;
 6. кедендік ынтымақтастық;
 7. энергетика және инфрақұрылым;
 8. **бәсекелестік және монополияға қарсы реттеу**
- аясында жүзеге асырады.

(Слайд №1) Комиссия осуществляет свою деятельность в пределах полномочий, предусмотренных Договором о Евразийской экономической комиссии, международными договорами, формирующими договорно-правовую базу Таможенного союза и Единого экономического пространства, а также решениями Высшего Евразийского экономического совета в следующих сферах:

1. основные направления интеграции и макроэкономическая политика;
2. экономическая и финансовая политика;
3. промышленность и агропромышленный комплекс;
4. торговля;
5. техническое регулирование;
6. таможенное сотрудничество;
7. энергетика и инфраструктура;
8. **конкуренция и антимонопольное регулирование.**

Қазақстан Республикасы Парламентінің бесінші шақырылған екінші сессиясын ашу кезінде Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев сөйлеген сөзінде алдағы кезеңдегі негізгі заң шығару міндеттерінің бірі ретінде экономикалық дамудың құқықтық базасын жетілдіруді атап өтті, бұл ретте басты мәселе Бірыңғай экономикалық кеңістік шеңберіндегі интеграциялық процестер жағдайында Қазақстанда тиімді экономикалық қатынастарды қамтамасыз ету болып табылады.

В своем выступлении на открытии второй сессии Парламента Республики Казахстан пятого созыва Глава Государства, Нурсултан Абишевич Назарбаев, в качестве одной из главных законотворческих задач на предстоящий период обозначил улучшение правовой базы экономического роста и в этом плане центральным вопросом является обеспечение

эффективных экономических отношений в Казахстане в условиях интеграционных процессов в рамках Единого экономического пространства.

Сонымен тауарлардың, қызметтер мен капиталдың еркін қозғалысын, экономикалық қызметтің еркіндігін және Кедендік одаққа қатысушы мемлекеттердің бірыңғай кедендік аумағында тауар нарықтарының тиімді жұмыс істеуін, бәсекелестік саясат аясындағы заңнамасын үйлестіруді қамтамасыз ету және мемлекеттердің өзара саудасына теріс әсер етуге қабілетті іс-әрекеттерге жол бермеу үшін мемлекеттердің бірыңғай бәсекелестік саясатын қалыптастыру мақсатында 2012 жылғы 1 қаңтарда күшіне енген 2010 жылғы 9 желтоқсанда Бәсекелестіктің бірыңғай қағидаттары мен қағидалары туралы келісімге қол қойылды.

Так, в целях формирования государствами единой конкурентной политики для обеспечения свободного перемещения товаров, услуг и капитала, свободы экономической деятельности и эффективного функционирования товарных рынков на единой таможенной территории государств - участников Таможенного союза, гармонизации законодательства в области конкурентной политики и недопущения действий, способных оказать негативное влияние на взаимную торговлю государств было подписано Соглашение о единых принципах и правилах конкуренции от 9 декабря 2010 года, вступившее в силу 1 января 2012 г.

Бірыңғай бәсекелестік саясатты жүргізу Бірыңғай экономикалық кеңістікті қалыптастыруға және оның тиімді жұмыс атқаруы үшін қажетті шарт болып табылады. Осы саясат келіскен бірыңғай қағидаттар мен қағидаларға негізделуге тиіс.

Проведение единой конкурентной политики является необходимым условием формирования и эффективного функционирования Единого экономического пространства, проведение которой должно основываться на единых согласованных принципах и правилах.

(№2 слайд) Бірыңғай бәсекелестік саясатты қалыптастыратын негізгі бағыттар:

- монополияға қарсы реттеу;
- бағамен реттеу, оның ішінде мемлекеттік баға реттеуді енгізу және оны ұзартуды бақылау;
- мемлекеттік және (немесе) муниципалдық сатып алу болып табылады.

(Слайд №2) Основными направлениями формирования единой конкурентной политики являются:

- Антимонопольное регулирование;
- Ценовое регулирование, в том числе контроль за введением и продлением государственного ценового регулирования;
- Государственные и (или) муниципальные закупки.

(№3 слайд) Монополияға қарсы реттеудің бірінші кезектегі міндеттерін қарайық:

1. Беларусь Республикасының, Қазақстан Республикасының және Ресей Федерациясының бәсекелестік аясындағы заңнамасын үйлестіру.

Жақындатуымызға тиіс мемлекеттердің нормативтік құқықтық актілерін анықтау, үйлестіру шараларының реттілігі және заңнамаларды бәсекелестіктің бірыңғай қағидаттары мен қағидаларына сәйкес келтіру мерзімі.

(Слайд №3) Рассмотрим первоочередные задачи антимонопольного регулирования:

1. Гармонизация законодательств Республики Беларусь, Республики Казахстан и Российской Федерации в области конкурентной политики.

Установление нормативных правовых актов государств, подлежащих сближению, последовательность мер по гармонизации и сроки приведения законодательств в соответствие с едиными принципами и правилами конкуренции.

2. Трансшекаралық нарықтарда бәсеке қағидаларының бұзылуына жол бермеу үшін ұлттық деңгейден жоғары тұрған нормативтік құқықтық актілерді қабылдау.

2. Принятие нормативных правовых актов, необходимых для пресечения нарушений правил конкуренции на трансграничных рынках на наднациональном уровне.

3. Бәсекелестік туралы модельдік заңды әзірлеу.

3. Разработка Модельного закона о конкуренции.

4. Бәсекелестік (Монополияға қарсы) кодексті қабылдау туралы мәселені қарастыру.

4. Проработка вопроса о принятии Конкурентного (Антимонопольного) кодекса.

(№4 слайд) Беларусь Республикасының, Қазақстан Республикасының және Ресей Федерациясының монополияға қарсы заңнамасын үйлестіру мәселелеріне назар аударайық.

(Слайд №4) Перейдем к вопросам гармонизации антимонопольного законодательства Республики Беларусь, Республики Казахстан и Российской Федерации.

Келісімнің 28-бабына сәйкес Келісімді іске асыру кезеңдерінің бірі ретінде әрбір мемлекеттің заңнамасын үйлестіру көзделген, ол Келісімнің II және III бөлімдерінде белгіленген бәсекелестіктің қағидаттары мен қағидаларына сәйкес келтіру арқылы жүзеге асады.

Бұл жұмысты Келісім күшіне енген кезден бастап 18 айдан аспайтын мерзімде, яғни 2013 жылғы 1 шілдеге дейін атқару қажет.

В соответствии со статьей 28 Соглашения в качестве одного из этапов реализации Соглашения предусмотрена гармонизация законодательства каждого из государств путем приведения их в соответствие с принципами и правилами конкуренции, установленными разделами II и III Соглашения.

Данную работу необходимо произвести в срок не более 18 месяцев с момента вступления в силу Соглашения, то есть до 1 июля 2013 года.

Беларусь Республикасында «Монополистік қызметке қарсы іс-қимыл және бәсекелестікті дамыту туралы» 1992

жылғы 10 желтоқсандағы Беларусь Республикасының Заңы қолданылады. «Монополистік қызметке қарсы іс-қимыл және бәсекелестікті дамыту туралы» Беларусь Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Беларусь Республикасы заңының жобасы дайындалды. Комиссияның Заңға өзгерістер енгізу туралы ұсыныстары Беларусь Республикасының Үкіметінде қаралып, ол бойынша қазір жұмыс жүргізілуде.

В Республике Беларусь действует Закон Республики Беларусь от 10 декабря 1992 года «О противодействии монополистической деятельности и развития конкуренции». Разработан проект закона Республики Беларусь «О внесении изменений и дополнений в Закон Республики Беларусь «О противодействии монополистической деятельности и развития конкуренции». Предложения Комиссии по внесению изменений в Закон сейчас находятся в Правительстве Республики Беларусь и там ведется по ним работа.

Қазақстан Республикасында 2008 жылғы 25 желтоқсандағы «Бәсекелестік туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қолданылады. Осы күндері аталған Заңға өзгерістер енгізілуде және біз бірлесіп жұмыс жүргізіп жатырмыз.

В Республике Казахстан действует Закон Республики Казахстан от 25 декабря 2008 года «О конкуренции». В него сейчас вносятся изменения, и мы сейчас с Вами проводим совместную работу.

Ресей Федерациясында 2006 жылғы 26 шілдедегі «Бәсекелестікті қорғау туралы» Федералдық Заң қолданылады. Комиссияның осы Заңға өзгерістер енгізу туралы ұсыныстары федералдық деңгейде талқылануда және ескертулер бойынша жұмыс жүргізілуде.

В Российской Федерации действует Федеральный закон от 26 июля 2006 года «О защите конкуренции». Предложения Комиссии по внесению изменений в Закон сейчас находятся на обсуждении на федеральном уровне и по замечаниям ведется работа.

Қазақстан Республикасының Экономикалық даму және сауда министрлігі ұсынған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне бәсекелестік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасына Комиссия ұсыныстар жолдады.

Сонымен қатар Қазақстан Республикасының заңнамасын үйлестіруге қатысты жобада ұсынылған шараларды зерттедік, осы зерттеу нәтижесі кейбір баптардың Келісімге толық сәйкес келмейтінін көрсетті.

Комиссией направлены предложения к проекту закона Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам конкуренции», представленный Министерством экономического развития и торговли Республики Казахстан.

В то же время изучение предлагаемых в проекте мер по гармонизации законодательства Республики Казахстан показало, что текст некоторых статей не в полной мере соответствовал Соглашению.

Бірыңғай бәсекелестік саясат Бірыңғай экономикалық кеңістікті қалыптастыратын және оның тиімді жұмыс атқаруы үшін қажетті шарт болып табылады. Осы саясатты іске асыру келіскен бірыңғай қағидаттар мен қағидаларға негізделуге тиіс.

Келісімнің нысанасы мемлекеттердің аумағында монополияға қарсы іс-әрекеттерді, сондай-ақ екі және одан көп мемлекет аумағында трансшекаралық нарықтарда бәсекеге теріс әсер ететін іс-қимылдарды анықтау және олардың жолын кесуді қамтамасыз ететін бәсекелестіктің бірыңғай қағидаттары мен қағидаларын белгілеу болып табылады.

Единая конкурентная политика является необходимым условием формирования и эффективного функционирования Единого экономического пространства, проведение которой должно основываться на единых согласованных принципах и правилах.

Предметом Соглашения является установление единых принципов и правил конкуренции, обеспечивающих выявление и пресечение антиконкурентных действий на территории государств и действий, оказывающих негативное влияние на конкуренцию на трансграничных рынках на территории двух и более государств.

Келісімде айқындалған бәсекелестіктің бірыңғай қағидаттарына назар аударайық.

1. (№5 слайд) Бәсекелестік заңнамасының нормаларын қолдану қағидатының теңдігі – бұл мемлекеттердің өздерінің бәсекелестік (монополияға қарсы) заңнама нормаларын мемлекеттердің шаруашылық жүргізуші субъектілеріне (нарық субъектілеріне) біркелкі және мұндай шаруашылық жүргізуші субъектілердің (нарық субъектілерінің) ұйымдастыру-құқықтық нысанына және тіркелген жеріне қарамастан тең жағдайда қолданылады.

Перейдем к единым принципам конкуренции, определенным Соглашением.

1. (Слайд №5) Принцип равенства в применении норм конкурентного законодательства, это применение государствами норм своего конкурентного (антимонопольного) законодательства к хозяйствующим субъектам (субъектам рынка) государств осуществляется одинаковым образом и в равной мере независимо от организационно-правовой формы и места регистрации таких хозяйствующих субъектов (субъектов рынка) на равных условиях.

Осы қағидат Беларусь Республикасы мен Қазақстан Республикасының заңдарында айқындалған, ал Ресей Федерациясының Заңында бұл норма көрсетілмеген. Сонымен Бәсекелестікті қорғау туралы заңдағы 2-баптың 3-бөлігінде және 3-баптың 2-бөлігінде көзделген ережелер Келісімде белгіленген бәсекелестік заңнама нормаларын қолданудағы теңдік қағидатына негізделмейді. Ресей Федерациясы осы бағытта жұмыс жүргізіп отыр.

Данный принцип в законах Республики Беларусь и Республики Казахстан отражен, а вот в законе Российской Федерации данная норма прямо не

отражена, так положения, предусмотренные частью 3 статьи 2 и частью 2 статьи 3 Закона о защите конкуренции, не поглощают принцип равенства в применении норм конкурентного законодательства, установленный Соглашением. В этом направлении Российская Федерация проводит работу.

2. Билік органдарының бәсекелестікке қарсы іс-әрекеттеріне жол бермеу қағидаты – мемлекеттер өз заңнамасында мыналарға тыйым салады, атап айтқанда:

1) мемлекеттік билік органдары, жергілікті өзін-өзі басқару органдары, олардың функциясын жүзеге асыратын өзге де органдар немесе ұйымдар немесе олармен шаруашылық жүргізуші субъектілер (нарық субъектілері) арасындағы келісімдерге, мемлекеттердің келісімдерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, егер мұндай келісімдер бәсекелестікке жол бермеуге, шектеуге және жоюға әкелетін болса;

2. Принцип недопустимости антиконкурентных действий органов власти означает, что государства устанавливают в своем законодательстве запрет, в том числе на:

1) соглашения между органами государственной власти, органами местного самоуправления, иными осуществляющими их функции органами или организациями или между ними и хозяйствующими субъектами (субъектами рынка), если такие соглашения приводят или могут привести к недопущению, ограничению или устранению конкуренции, за исключением случаев, предусмотренных соглашениями государств;

2) **(№5 слайд)** мемлекеттердің келісімдерінде көзделген ерекшеліктерді ескере отырып, мемлекеттердің заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, мемлекеттік немесе муниципалдық преференцияларды беруге тыйым салуды белгілейді.

Мемлекеттер осы қағидатта көзделген іс-әрекеттердің (әрекетсіздіктің) алдын алу, анықтау және жолын кесу бойынша тиімді шаралар қабылдайды.

Осы қағидат Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының заңдарында көрсетілген, ал Беларусь Республикасының заң жобасы олардың функцияларын орындайтын өзге органдардың немесе ұйымдардың арасында немесе олардың және шаруашылық жүргізуші субъектілердің арасындағы келісімдерге тыйым салуды қамтымайды. Беларусь Республикасының Үкіметі осы бағытта жүргізіп отыр.

2) *(Слайд №5) предоставление государственных или муниципальных преференций, за исключением случаев, предусмотренных в законодательных актах государств с учетом особенностей, предусмотренных соглашениями государств.*

Государства принимают эффективные меры по предупреждению, выявлению и пресечению действий (бездействия), предусмотренных этим принципом.

Данный принцип в законах Республики Казахстан и Российской Федерации отражен, а вот в Проекте закона Республики Беларусь не содержится запрета на соглашения между иными осуществляющими их функции органами или организациями или между ними и хозяйствующими субъектами. Работа в Правительстве Республики Беларусь проводится в данном направлении.

3. (№5 слайд) Экономикалық шоғырлануға тиімді бақылауды қамтамасыз ету қағидаты.

Мемлекеттер өз заңнамасына сәйкес өздерінің аумағында бәсекелестікті қорғау мен дамыту үшін қажетті шамада экономикалық шоғырлануға тиімді бақылауды қамтамасыз етеді.

Осы қағидат барлық үш елдің заңдарында көрсетілген.

3. *(Слайд №5) Принцип обеспечения эффективного контроля за экономической концентрацией.*

Государства в соответствии со своим законодательством обеспечивают эффективный контроль за экономической концентрацией в той мере, в какой это необходимо для защиты и развития конкуренции на своей территории.

Данный принцип в законах всех трех стран отражен.

4. (№6 слайд) Тиімді әкімшілендіру қағидаты.

Әрбір мемлекет монополияға қарсы (бәсекелестік) саясатты іске асыру құзыретіне кіретін мемлекеттік биліктің ұлттық органның болуын қамтамасыз етеді. Бұл мұндай органға бәсекелестікке қарсы іс-әрекетке салынған тыйымның және жосықсыз бәсекелестікке салынған тыйымның сақталуын, экономикалық шоғырлануды бақылау өкілеттіктерін, сондай-ақ бәсекелестік (монополияға қарсы) заңнама бұзылуының алдын алу, анықтау, көрсетілген бұзушылықтарды тоқтату бойынша шаралар қабылдау және мұндай бұзушылықтар үшін жауапкершілікке тарту өкілеттіктерін беруді білдіреді.

Осы қағидат барлық үш елдің заңдарында көрсетілген.

4. (Слайд №6) Принцип эффективного администрирования.

Каждое государство обеспечивает наличие национального органа государственной власти, в компетенцию которого входит реализация антимонопольной (конкурентной) политики, что подразумевает, помимо прочего, наделение такого органа полномочиями по контролю за соблюдением запрета на антиконкурентные действия и запрета на недобросовестную конкуренцию, за экономической концентрацией, а также полномочиями по предупреждению, выявлению нарушений конкурентного (антимонопольного) законодательства, принятию мер по прекращению указанных нарушений и привлечению к ответственности за такие нарушения.

Данный принцип в законах всех трех стран отражен.

5. (№6 слайд) Бәсекелестікке қарсы іс-әрекеттерді жасағаны үшін санкциялардың тиімділік қағидаты.

Мемлекеттер мөлшерлес, қамтамасыз ету, бұлтартпау және айқындылық қағидаттарына сүйене отырып, шаруашылық жүргізуші субъектілерге (нарық субъектілеріне) және билік органдарының лауазымды тұлғаларына қатысты бәсекелестікке қарсы іс-әрекеттер жасағаны үшін өз заңнамаларында тиімді санкцияларды белгілейді және олардың қолданылуын бақылауды қамтамасыз етеді.

Осы қағидат барлық үш елдің заңдарында көрсетілген.

5. **(Слайд №6)**Принцип эффективности санкций за совершение антиконкурентных действий.

Государства устанавливают в своем законодательстве эффективные санкции за совершение антиконкурентных действий в отношении хозяйствующих субъектов (субъектов рынка) и должностных лиц органов власти, исходя из принципов соразмерности, обеспеченности, неотвратимости и определенности, и обеспечивают контроль за их применением.

Данный принцип в законах всех трех стран отражен.

6. **(№6 слайд)** Ақпараттық ашықтық қағидаты.

Мемлекеттер заңнама ережелерін ескере отырып, өздері жүргізетін бәсекелестік саясаттың ақпараттық ашықтығын, оның ішінде өздерінің уәкілетті органдарының қызметі туралы мәліметтерді бұқаралық ақпарат құралдарында және Интернет желісінде орналастыру арқылы қамтамасыз етеді.

Бұл қағидат барлық үш елдің заңдарында көрсетілген.

6. **(Слайд №6)**Принцип информационной открытости.

Государства обеспечивают информационную открытость проводимой ими конкурентной политики, в том числе посредством размещения сведений о деятельности своих уполномоченных органов в средствах массовой информации и сети Интернет с учетом положений законодательства.

Данный принцип отражен во всех трех странах.

7. **(№6 слайд)** Тиімді ынтымақтастық қағидаты.

Мемлекеттердің уәкілетті органдары өздеріндегі заңнама нормаларын ескере отырып, хабарламалар, ақпарат беру туралы сұраулар жіберу, консультациялар жүргізу, екінші мемлекеттің мүдделерін қозғайтын тергеулер (істерді қарау) туралы хабарлау, бір мемлекеттің уәкілетті органының сұрауы бойынша тергеулер жүргізу (істерді қарау) және оның нәтижелері туралы хабарлау арқылы өзара іс-қимылды жүзеге асырады.

7. **(Слайд №6)**Принцип эффективного сотрудничества.

Уполномоченные органы государств с учетом норм своего законодательства осуществляют взаимодействие путем направления уведомлений, запросов о предоставлении информации, проведения

консультаций, информирования о расследованиях (рассмотрении дел), затрагивающих интересы другого государства, проведения расследований (рассмотрении дел) по запросу уполномоченного органа одного из государств и информирования о его результатах.

Осы қағидат Қазақстан Республикасының және Ресей Федерациясының заңдарында көрсетілген, ал Беларусь Республикасы заңының жобасында Кедендік одақ елдерінің монополияға қарсы органдарының Бірыңғай экономикалық кеңістік шегінде өзара іс-қимыл жасайтыны көрсетілмеген. Беларусь Республикасының Үкіметі осы бағытта жұмыс жүргізіп отыр.

Данный принцип в законах Республики Казахстан и Российской Федерации отражен, а вот в Проекте закона Республики Беларусь не отражено, что в рамках Единого экономического пространства антимонопольные органы стран Таможенного союза осуществляют взаимодействие. Работа в Правительстве Республики Беларусь проводится в данном направлении.

Келісімде айқындалған **бәсекелестіктің бірыңғай қағидаларына** назар аударайық.

1. **(№7 слайд)** Шаруашылық жүргізуші субъектілердің (нарық субъектілерінің) бәсекелестікті шектейтін келісімдеріне тыйым салу.

Осы бөлік бойынша барлық үш елдің ескертулері бар.

Беларусь Республикасы мен Ресей Федерациясы бұл бағытта жұмыс жүргізуде.

*Теперь перейдем к **единым правилам конкуренции**, определенным Соглашением.*

1. **(Слайд №7)** *Запрет на ограничивающие конкуренцию соглашения хозяйствующих субъектов (субъектов рынка).*

Во всех трех странах есть замечания в этой части.

Республика Беларусь и Российская Федерация работают в этом направлении.

2. **(№7 слайд)** Жол беріледі деп танылуы мүмкін келісімдер.

Осы қағидалар Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының заңдарында көрсетілген, ал Беларусь Республикасының Үкіметі бұл бағытта жұмыс жүргізіп отыр.

2.(Слайд №7)Соглашения, которые могут быть признаны допустимыми. Данные правила в законах Республики Казахстан и Российской Федерации отражены, а вот в законопроекте Республики Беларусь данный принцип не отражен. Работа в Правительстве Республики Беларусь проводится в данном направлении.

3. (№8 слайд) Шаруашылық жүргізуші субъектілердің үстем жағдайды теріс пайдалануына тыйым салу.

Осы бөлік бойынша барлық үш елдің ескертулері бар.

Беларусь Республикасы мен Ресей Федерациясы осы бағытта жұмыс жүргізуде.

Қазақстан Республикасы – сәйкес келеді.

3.(Слайд №8) Запрет на злоупотребление хозяйствующими субъектами доминирующим положением.

Во всех трех странах есть замечания в этой части.

Республика Беларусь и Российская Федерация работают в этом направлении.

Республика Казахстан - соответствует.

Заң жобасында 13-бап мынадай редакцияда жазылған: «Үстем немесе монополиялық жағдайға ие нарық субъектілерінің тиісті тауар нарығында бәсекелестікке жол бермеуге, шектеуге, жоюға алып келген немесе алып келетін және (немесе) **тұтынушылардың заңды құқықтарына қысым жасайтын**, оның ішінде мынадай әрекеттер».

*Законопроектом предлагается изложить статью 13 следующим образом: «Запрещаются действия или бездействие субъектов рынка, занимающих доминирующее или монопольное положение, которые привели или приводят к ограничению доступа на соответствующий товарный рынок, недопущению, ограничению и устранению конкуренции и (или) **ущемляют законные права потребителей**, в том числе такие действия, как:...».*

Комиссия Келісімнің 12-бабына сәйкес Заңның 13-бабын мынадай редакцияда ұсынады: «Нәтижесі бәсекелестікке жол бермеу, шектеу, жою және (немесе) **басқа тұлғалардың мүдделеріне** қысым жасау, оның ішінде мынадай әрекет (әрекетсіздік) болып табылатын немесе болып табылуы мүмкін үстем жағдайға ие шаруашылық жүргізуші субъектінің (нарық субъектісінің) іс-әрекетіне (әрекетсіздігіне) тыйым салынады.» Яғни «**тұтынушылардың заңды құқықтары**» деген термині басқа тұлғалар мүдделерін түсіндіреді. Өз қажеттігіне емес, қайта сату үшін тауар сатып алатын заңды және жеке тұлғалардың құқықтарына қысым жасалуы мүмкін.

*Комиссия предлагает изложить статью 13 Закона следующим образом: «...Запрещаются действия (бездействие) занимающего доминирующее положение хозяйствующего субъекта (субъекта рынка), результатом которых являются или могут являться недопущение, ограничение, устранение конкуренции и (или) ущемление **интересов других лиц**, в том числе следующие действия (бездействие):...» в соответствии со статьей 12 Соглашения. То есть, термин «законные права потребителей...» уже понятия интересы других лиц. Могут ущемляться права юридических и физических лиц, приобретающих товар не для собственных нужд, а для перепродажи и т.д.*

«Тұтынушылардың заңды құқықтары» деген термин «басқа тұлғалардың мүдделерінің» түсінігін білдіреді.

Қазіргі кезде жұмыс тобы шеңберінде Комиссия қызметкерлерінің қатысуымен Комиссия ұсыныстары ескерілді.

Термин «законные права потребителей» уже понятия «интересы других лиц».

В настоящее время в рамках рабочей группы с присутствием сотрудников Комиссии предложения Комиссии учтены.

4. (№8 слайд) Жосықсыз бәсекеге тыйым салу.

Осы қағидалар Ресей Федерациясының заңында көрсетілген.

Беларусь Республикасында заң жобасына ексертулер бар, Беларусь Республикасының Үкіметі осы бағытта жұмыс жүргізуде.

Қазақстан Республикасы – сәйкес келеді.

4. (Слайд №8) Запрет на недобросовестную конкуренцию.

Данные правила в законе Российской Федерации отражены.

Республика Беларусь - есть замечания к законопроекту, работа в Правительстве Республики Беларусь проводится в данном направлении.

Республика Казахстан - соответствует.

Заң жобасында нарық субъектісінің өзі өндіретін немесе өткізетін тауарларын басқа нарық субъектілері өндіретін немесе өткізетін тауарлармен орынсыз салыстыру сияқты жосықсыз бәсекелестік нысаны көзделмеген.

Законопроектом не предусмотрена такая форма недобросовестной конкуренции, как некорректное сравнение субъектом рынка производимых или реализуемых им товаров с товарами, производимыми или реализуемыми другими субъектами рынка.

Комиссия Келісімнің 13-бабының 1-тармағының 3) тармақшасында көзделген нарық субъектісінің өзі өндіретін немесе өткізетін тауарларын басқа нарық субъектілері өндіретін немесе өткізетін тауарлармен орынсыз салыстыру сияқты жосықсыз бәсекелестік нысанымен Заңның 16-бабын толықтыруды ұсынады.

Қазіргі кезде жұмыс тобы шеңберінде Комиссия қызметкерлерінің қатысуымен Комиссия ұсыныстары ескерілді.

Комиссия предлагает статью 16 Закона дополнить такой формой недобросовестной конкуренции, как некорректное сравнение субъектом рынка производимых или реализуемых им товаров с товарами, производимыми или реализуемыми другими субъектами рынка, предусмотренное подпунктом 3 пункта 1 статьи 13 Соглашения.

В настоящее время в рамках рабочей группы с присутствием сотрудников Комиссии предложения Комиссии учтены.

5. (№9 слайд) Бәсекелестік ережелерін бұзғаны үшін айыппұл санкциялары.

Осы қағидат барлық үш елдің заңдарында көрсетілген.

5. (Слайд №9) Штрафные санкции за нарушение правил конкуренции. Данные правила в законах всех трех стран отражены.

Құрметті депутаттар, Заң жобасы Бәсекелестіктің бірыңғай қағидаттары мен қағидалары туралы келісімге сәйкес келеді. Осы Заң жобасын әзірлеушілер мен жұмыс тобы аталған бағытта ауқымды жұмыс атқарды. Ескертулер айтылды, олар бүгінгі күні ескерілді.

Уважаемые депутаты, Законопроект соответствует Соглашению о единых принципах и правилах конкуренции. Прделана огромная работа в этом направлении разработчиками данного Законопроекта и рабочей группы. Были высказаны замечания, которые на сегодняшний день учтены.

(№10 слайд) Қазіргі жағдайымды пайдалана отырып, Комиссия қызметінің маңызды бағыттарына тоқталуға рұқсат етіңіздер. Қазіргі уақытта негізгі жұмыс бағыты – Беларусь Республикасының, Қазақстан Республикасының және Ресей Федерациясының нарықтарына қол жеткізуге кедергі болып отырған әкімшілік тосқауылдарды жою болып табылады:

(Слайд №10) Пользуясь случаем, хотелось бы остановиться на важных направлениях деятельности Комиссии. В настоящее время одним из основных направлений работы - устранение административных барьеров по доступу к рынкам Республики Беларусь, Республики Казахстан и Российской Федерации:

1. Беларусь Республикасының, Қазақстан Республикасының және Ресей Федерациясының бәсекелестік саясат аясындағы заңнамалық базасын – заңдарды, үкімет қаулыларын, ведомстволық актілерді талдау.

2. Беларусь Республикасының, Қазақстан Республикасының және Ресей Федерациясының бірыңғай

бәсекелестік саясатына қайшы келетін заң нормаларын, заңға тәуелді актілерін анықтау.

1. Анализ законодательной базы Республики Беларусь, Республики Казахстан и Российской Федерации в области конкурентной политики - законы, постановления правительства, ведомственные акты.

2. Выявление норм законов, подзаконных актов, противоречащих единой конкурентной политике Республики Беларусь, Республики Казахстан и Российской Федерации.

3. Бәсекелестік саясат аясындағы нормативтік құқықтық актілерді үйлестіру мақсатында оларға өзгерістер енгізу не оларды қабылдау туралы Комиссияға ұсыныстар беру.

4. Парламент депутаттары бірыңғай бәсекелестік саясатқа қайшы келетін Заң нормаларын анықтаған жағдайда осындай өзгерістерді енгізеді. Қажет болған жағдайда Комиссия қызметкерлерін шақырып консультациялар, жұмыс кеңестерін өткізуге болады.

3. Направление в Комиссию предложений о внесении изменений или принятии нормативных правовых актов в области конкурентной политики в целях гармонизации.

4. В случае выявления депутатами Парламента норм Закона, противоречащих единой конкурентной политики, вносят данные изменения. При необходимости можно провести консультации, рабочие группы, рабочие совещания с приглашением сотрудников Комиссии.

(№11 слайд) Комиссияның негізгі міндетінің бірі бәсекелестіктің бірыңғай қағидаларын сақтауды бақылау үшін 2013 жылғы 1 қаңтарға дейін Комиссияның нормативтік актілерін қабылдау болып табылады. Осы актілер қазіргі кезде әзірленуде, олар:

(Слайд №11) Одной из основных задач Комиссии является принятие до 1 января 2013 года нормативных актов Комиссии для осуществления контроля за соблюдением единых правил конкуренции, которые в настоящее время разрабатываются:

- Трансшекаларық нарыққа жатқызу өлшемдері

- Бәсекелестік жағдайды бағалау әдістемесі
 - Монополиялық жоғары (төмен) бағаларды айқындау әдістемесі
 - Айыппұлдар есептеу әдістемесі және оларды салу тәртібі
 - Бәсекелестік қағидаларының бұзылғаны туралы өтініштерді (материалдарды) қарау тәртібі
 - Бәсекелестік қағидаларының бұзушылығына тергеу жүргізу тәртібі
 - Бәсекелестік қағидаларының бұзушылығы туралы істерді қарау тәртібі
 - Комиссияның және мемлекеттердің уәкілетті органдарының өзара іс-қимыл жасау, оның ішінде ақпараттық іс-қимыл жасау тәртібі.
- *Критерии отнесения рынка к трансграничному*
 - *Методика оценки состояния конкуренции*
 - *Методика определения монопольно высоких (низких) цен*
 - *Методика расчета и порядок наложения штрафов*
 - *Порядок рассмотрения заявлений (материалов) о нарушении правил конкуренции*
 - *Порядок проведения расследования нарушений правил конкуренции*
 - *Порядок рассмотрения дел о нарушении правил конкуренции*
 - *Порядок взаимодействия, в том числе информационного, Комиссии и уполномоченных органов государств.*

(№12 слайд)Құрметті депутаттар, Комиссия алдында Бәсекелестікті қорғау туралы модельдік заңды дайындау және қабылдау міндеті тұр. Модельдік заңға үш мемлекет басшылары 2013 жылғы шілде айында қол қояды, бұл заң ұсыным сипатында болады, үлгі нормаларды қамтиды және мемлекеттердің заңнамаларына нормативтік бағдар береді.

(Слайд №12)Уважаемые депутаты, перед Комиссией стоит задача - разработка и принятие Модельного закона о защите конкуренции, который будет подписан главами трех государств в июле 2013 года, будет носить

рекомендательный характер, содержать типовые нормы и давать нормативную ориентацию для законодательства государств.

Осы құжаттың маңызды болуына байланысты біз бірлесіп жұмыс атқарамыз деп сенеміз. Модельдік заңда монополистік қызметтің негізгі түрлері, мемлекеттік көмек (преференциялар) көрсету тәртібі және оны бақылау, экономикалық шоғырлануды бақылау, бәсекелестікті қорғау органның функциялары мен өкілеттігі, монополияға қарсы (бәсекелестік) заңнаманы бұзу туралы істерді қарау тәртібі қамтылған.

В виду важности данного документа мы надеемся на совместную работу в этом направлении. В Модельном законе должны найти свое отражение основные виды монополистической деятельности, порядок предоставления и контроль предоставления государственной помощи (преференций), контроль экономической концентрации, функции и полномочия органа по защите конкуренции, порядок рассмотрения дел о нарушении антимонопольного (конкурентного) законодательства.

(№13 слайд) Бәсекелестікті қорғау туралы модельдік заңның жобасын:

- депутаттарды, мемлекеттік органдарды, бизнес қауымдастығын және қоғамдық ұйымдарды қатыстырып, Беларусь Республикасындағы, Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясындағы халықаралық ғылыми-практикалық конференцияларда және дөңгелек үстелдерде

Беларусь Республикасы – Минск қаласында

Қазақстан Республикасы – Астана мен Алматы қалаларында

Ресей Федерациясы – Новосибирск және Казань қалаларында

- Еуразиялық экономикалық қауымдастықтың парламентаралық ассамблеясында (заңнаманы үйлестіру

мәселесін Еуразиялық экономикалық қауымдастықтың парламентаралық ассамблеясы бюросының отырысында 2012 жылғы 22 қарашада алдын ала қарау жоспарланған)

- Ауқымды жұмыс тәжірибесі бар мемлекеттердің монополияға қарсы органдарымен (Жапония, Ұлыбритания, Оңтүстік Корея және т.б.) талқылау жоспарланып отыр.

(Слайд №13) Проект Модельного закона о конкуренции планируется обсудить:

- на Международных научно-практических конференциях и круглых столах в РБ, РК и РФ, с привлечением депутатов, гос. органов, бизнес – сообщества и общественных организаций:

РБ - г. Минск;

РК – г. Астана, г. Алматы;

РФ – г. Новосибирск, г. Казань.

- на Межпарламентской ассамблее Евразийского экономического сообщества (предварительное рассмотрение вопроса о гармонизации законодательства запланировано на заседании Бюро МПА ЕврАзЭС, 22 ноября 2012 года)

- с Антимонопольными органами государств, имеющих большой опыт работы (Япония, Великобритания, Южная Корея и т.д.).

Құрметті депутаттар, бүгінгі қаралған Заң жобасы бойынша Сіздердің жемісті жұмыстарыңыз, экономикалық дамудың құқықтық базасын жақсарту жөнінде Мемлекет басшысы қойған алдағы міндеттер, ұлттық заңнаманы үйлестіру, келешекте Модельдік заңды дайындау, осының бәрі Қазақстан Республикасында, Беларусь Республикасында және Ресей Федерациясында бәсекелестік саясаттың маңыздылығын көтеруге мүмкіндік береді.

Уважаемые депутаты, сегодня, благодаря Вам, Вашей плодотворной работе по сегодняшнему рассмотренному Законопроекту, будущих задач, поставленных перед нами Главой Государства по улучшению правовой базы экономического роста, гармонизации национального законодательства, будущей разработке Модельного закона, все это позволит поднять значимость конкурентной политики в Республике Казахстан, Республике Беларусь и Российской Федерации.

Назарлараңызға рахмет.

Благодарю за внимание!